«Бекітемін»
мектеп директоры :
_______ А.Тулегенов

**«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының жылдық жоспары**
**2023-2024 оқу жылы**

| № | Іс –шараның атауы | Мақсаты | Сынып | Мерзімі | Жауаптылар |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубын ұйымдастыру | «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубын құру (Бұйрық) | 5-10 | Қыркүйек | Клуб жетекшісі Батырова А Тәлімгер Мураталиева А |
| 2 | «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының жоспарын құру, бекіту, слетін өткізу | «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының жоспарын құру | 1-10 | Қыркүйек | Клуб жетекшісі Батырова А Тәлімгер Мураталиева А Сынып жетекшілері |
| 4 | Сынып сағаттарының тақырыптық жоспарларына адамгершілік және құқықтық тәрбие бағытындағы тақырыптарды енгізу:<br>- «ҚР адал азаматы»,<br>-«Сыбайлас жемқорлық деген не?»,<br>- «Халықаралық Жемқорлықпен күресу күні»<br>- «Қазақстан – құқықтық мемлекет» | Ар – ұят, абырой, жауапкершілік, адалдық, әділдік сияқты адамгершілік және құқықтық мәдениетке баулу. | 1-4 | Жыл бойы | Клуб жетекшісі Батырова А Тәлімгер Мураталиева А бастауыш сынып жетекшілері |
| | | Патриоттық, еңбек сүйгіштік тәрбие, өмірге, еңбекке, білімге деген мақтаныш, қоғамдық тәртіпті сыйлау, Сыбайлас жемқорлыққа тәрбиелеу үшін олардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұстаным қалыптастыру. | 5-8 | Жыл бойы | Клуб жетекшісі Батырова А Тәлімгер Мураталиева А 5-8 сынып жетекшілері |
| | | Жоғары сыныптың оқушыларын сыбайлас жемқорлыққа карсы тәрбиелеу үшін олардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұстаным қалыптастыру. | 9-11 | Жыл бойы | Клуб жетекшісі Батырова А Тәлімгер Мураталиева А 9-11 сынып жетекшілері |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 5 | Ата-аналар жиналыстарын өткізу | . Ата-аналарға балаларының бойында заңды сыйлау, тәртіпті бұзбау сияқты жақсы қабілеттерді сіңіру жолдары бойынша кеңестер беру. | 1-10 | үнемі | Клуб жетекшісі Батырова А Тәлімгер Мураталиева А |
| 6 | «Адал азамат – әділетті Қазақстан» | «4К» дебат Пікірталастар өткізу арқылы оқушылар тәжірибе бойынша өз пікірлерін ортаға салады. Көзқарастарымен бөліседі. Оқушылар «Тәртіпсіздікке нөлдік шыдамдылық» мәдениетін қоғамда қалыптастырудың неліктен маңызды екендігі туралы ойларын ортаға салады. Сыбайлас жемқорлықсыз мемлекет қандай болады деген тақырып көтереді | 9-11 | қыркүйек | Клуб жетекшісі Батырова А Тәлімгер Мураталиева А Клуб мүшелері Дебат үйірмесінің жетекшісі |
| 7 | «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз» сурет байқауы. | Заң алдында барлығының тең екендігін үйрету, еңбексүйгіштікке, адалдыққа тәрбиелеу. | 1-4 | қараша | Клуб жетекшісі Батырова А Тәлімгер Мураталиева А |
| 8 | «Жемқорлықпен қалай күресеміз» пікір – сайыс. | Ар-ожданды, жауапкершілікті, мейірімділікті, адалдықты, әділдікті насихаттау, балалардың бойында жақсы қасиеттер қалыптастыру. | 9-10 | ақпан | Клуб жетекшісі Батырова А Тәлімгер Мураталиева А сынып жетекшілері |
| 9 | «Адалдық адамдықтың белгісі» эссе байқауы | Өскелең ұрпаққа мемлекеттік қызметті түсіндіру оның мақсаты әр азаматқа қалтқысыз қызмет ету екендігін түсіндіру. | 8-11 | наурыз | Клуб жетекшісі Батырова А Тәлімгер Мураталиева А |
| 10 | 5-11 сыныптардағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы өткізілген іс-шаралар бойынша оқушыларға сауалнама өткізу | Клубтың жылдық жұмыстары бойынша анализ және қорытынды шығару. | | сәуір | Клуб жетекшісі Батырова А Тәлімгер Мураталиева А |

**«Адал Ұрпақ» клубының мүшелері**

| № | Ата-жөні | Сыныбы |
|---|---|---|
| 1 | Амирбеков Бекжан | 11 «а» |
| 2 | Айткали Аяжан | 11 «а» |
| 3 | Жаулова Тұмар | 11 «а» |
| 4 | Назарбаев Мирас | 11 «а» |
| 5 | Оразбаева Іңкәр | 11 «а» |
| 6 | Кабылова Камила | 9 «а» |
| 7 | Нұрболатов Нұрбек | 9 «а» |
| 8 | Полатбай Бекзат | 9 «а» |
| 9 | Бабак Иван | 9 «а» |
| 10 | Братищенко Данил | 9 «а» |
| 11 | Рысмагамбетова Алинура | 9 «б» |
| 12 | Ниязалиева Нұрай | 8 «а» |
| 13 | Бисенғали Мансур | 8 «а» |
| 14 | Бурина Гульнур | 8 «б» |
| 15 | Ниеталина Адина | 8 «б» |
| 16 | Конысбаева Сафия | 8 «б» |
| 17 | Резванова Жания | 8 «б» |
| 18 | Тлеулес Омар | 7 «а» |
| 19 | Серік Аягөз | 7 «а» |
| 20 | Шералиева Тамина | 7 «б» |

**Анықтама**

Ақтөбе қаласының №4 жалпы білім беретін орта мектебінде өскелең ұрпақтың құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру мақсатында «Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубы мүшелерінің қатсуымен мектепшілік слет өтті.

Оқушылар екі топқа бөлініп, берілген тапсырмаларды орындады. Сыбайлас жемқорлыққа байланысты бейнеролик көрсетіліп, тақырып туралы өз ойларын ортаға салды. Бөлшек суреттерден "Біз жемқорлыққа қарсымыз!" тақырыбында суреттер құрастырып,ситуациялық сұрақтарға жауап берді.

Шара соңын оқушыларымыз "Қазіргі таңда қоғамымызға қауіп төндіріп, орасан кесел келтіретін осынау келеңсіз әлеуметтік құбылысқа қарсы шаралар қатаң қолға алынып жатыр. Жемқорлықпен күрес арнайы дайындалған мемлекеттік бағдарлама негізінде жүзеге асырылуда. Еліміздің өркениетін дамытқысы келетін, өз ортасын құрметтейтін әрбі азамат мемлекеттің ішіндегі тәртіпті белгілі бір жүйеге келтіруге, ел ішіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүдделі және оның алдындағы басты парызы. Қоғаммен бірге өркендеп, етек жайып, етене сіңісіп келе жатқан бұл кеселдің тереңнен құлаш жаймауына өз үлесімізді қосу және оған тосқауыл болу-біздің басты міндетіміз." - деп өз ойларын білдіріп қортындылады.

**Біртұтас тәрбие бағдарламасы.**
**Ұлттық мүдде құндылығы.Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу.**
**Ар-ұят құндылығы. Халқына адал қызмет ету**








Жемқорлыққа
ЖОЛ ЖОҚ!





## Анықтама

Ақтөбе қаласының №4 жалпы білім беретін орта мектебінде өскелең ұрпақтың құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру мақсатында «Адал ұрпақ» клубының мүшелерінің қатысуымен «Адал азамат – әділетті Қазақстан» тақырыбында пікірсайыс өтті.

📝 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде «Шын мәнінде, біз айтып жүрген Әділетті Қазақстанды адал азаматтар құрады. Бұл – бір-бірімен өте тығыз байланысты ұғымдар. Отанға, отбасына адалдық – парасаттылық пен адамгершіліктің белгісі. Адал еңбек етіп, адал табыс тапқан адам жетістікке жетеді, құрметке ие болады.

📝 Ал, арлы адам әділетсіздік жасамайды. Әр салада адалдық басты орында тұрса, әділ қоғам орнайды. Жемқорлыққа жол берілмейді, ел мүддесіне сай шешім қабылданады. Бір сөзбен айтсақ, қоғамдағы ізгіліктің бәрі адалдықтан бастау алады», деген болатын.

📝 Оқушыларымыз адалдық, әділеттілік туралы өз ойларын жеткізіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсылықтарын білдірді. Әділетті Қазақстан және адал азамат ұғымдары ел тірегі болатын егіз құндылық ретінде әрдайым қатар тұруға тиіс.

Әділетті Қазақстанды құру үшін әрбір отандасымыз адал азамат болуға ұмтылуы қажет. Сонымен бірге, жас ұрпақты адал азамат етіп тәрбиелеуіміз керек. Ұлттық бірегейлігімізді нығайтып, еліміздің жаңа құндылықтарын орнықтыру үшін жүйелі жұмыс жасалуға тиіс.

**Біртұтас тәрбие бағдарламасы.**
**Ұлттық мүдде құндылығы.Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу.**
**Ар-ұят құндылығы. Халқына адал қызмет ету.**




"Адал азамат - әділетті Қазақстан"
дебатерлердің мектепшілік слеті


Нуримов Азамат
"4К" дебат клубының мүшесі


Амирбеков Бекжан
«4К» дебат клубының мүшесі


Айтқали Аяжан
Өзін-өзі басқару ұйымының мүшесі





**Анықтама**

Ақтөбе қаласының №4 жалпы білім беретін орта мектебінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыру және салықтар саласындағы мәселелерді білу мақсатында «Біз жемқорлыққа қарсымыз! ✕ ✕ ✕ » тақырыбында сурет байқауы өтті.

❇ Қыл қаламды серік еткен талантты оқушыларымыз сыбайлас жемқорлыққа қарсылық туралы өз көзқарастарын, дүниетанымдарын,ойларын, қабілеттерін еркін жеткізіп керемет туындыларды ұсынды.

❇ Байқаудың мақсаты оқушыларға сыбайлас жемқорлық туралы түсіндіріп, адал еңбек ету құндылықтарын дәріптеу болып табылады.

**Біртұтас тәрбие бағдарламасы.**

**Ұлттық мүдде құндылығы.Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу.**

**Ар-ұят құндылығы. Халқына адал қызмет ету**







БІР ПАРА
ЕКІ
ҚЫЛМЫСКЕР


БІЗ ЖЕМҚОРЛЫҚҚА
ҚАРСЫМЫЗ!


200
STOP
100
ЖЕМҚОРЛЫҚ


БІР ПАРА
ЕКІ
ҚЫЛМЫСКЕР

## АНЫҚТАМА

Ақтөбе қаласының №4 жалпы білім беретін орта мектебінде 19 қыркүйек күні 9 «б» класс оқушыларымен «Адалдық –адамдықтың белгісі» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Оқушыларға Абай Құнанбаевтың «ТОЛЫҚ АДАМ» концепциясы бойынша адалдық, әділдік, сенімділік, парасаттылық қасиеттері түсіндіріліп, қазіргі қоғамның басты дерті жемқорлықпен күресу тақырыбында видеороликтер көрсетілді.Оқушылар адалдық,әділдік, парасаттылық туралы өз ойларын білдіріп, белсене қатысты.

Мақсаты:оқушылардың бойына рухани адамгершілік қасиеттерді ұялату үшін мейірбан, ақылды, шыншыл, қайырымды т.б. адамдық асыл қасиеттерді игеруге ықпал ету. Бірін –бірі сыйлап, мейіріммен қарауға тәрбиелеу.













**Анықтама**

Ақтөбе қаласының №4 жалпы білім беретін орта мектебінде бірінші қабатта «Адалдық дүкені» жұмыс жасауда. Мұнда оқушылар мен мұғалімдер өздеріне қажетті тауарларды алып, алынған тауардың ақшасын кассалық жәшікке қалдырады. Дүкеннің мақсаты оқушылар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоғары сананы мәдениетті дамыту, сонымен қатар ішкі парасаттылықты адалдықты қалыптастыру.









## Анықтама

Ақтөбе қаласының №4 жалпы білім беретін орта мектебінің оқушылары арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу мақсатында **«Біз сыбайластыққа жоқ дейміз!»** деген тақырыпта оқушылар арасында **«Сыбайлас жемқорлық балалардың көзқарасымен»** атты суреттер байқауы өткізілді. Сурет салуды ұйымдастырудың басты мақсаты оқушылар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мүлдем төзбеушілікті қалыптастыру және адал еңбек ету құндылықтарын дәріптеу болып табылады.










